



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№27 (87) 4 шілде 2025 жыл

Дөңгелек үстел

ЕЛ КЕЛЕШЕГІ-ЖАСТАР ҚОЛЫНДА



Бүгінгі жастар-тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі иесі. Олардың бойында тек білім мен ғылымға құштарлық қана емес, елге деген махаббат пен жауапкершілік те болуы тиіс.

Ұлттық сана, салт-дәстүр, ана тілін құрметтеу сынды қасиеттер кез келген жастың рухани тірегі болуы керек. Себебі ұлттық құндылықтарды бағаламаған халықтың болашағы да бұлыңғыр.

Қазіргі кезде жастарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Түрлі гранттар мен әлеуметтік жобалар барлығы да жас буынның білім алып, тәжірибе жинап, қоғамға пайдалы тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білген жастар еліміздің дамуына сүбелі үлестерін қосуда.

Білім мен тәрбие-егіз ұғым. Білімді адам тәрбие көрмесе, алған ілімі ұлтқа емес, өз мүддесіне қызмет етуі мүмкін. Сол себепті отбасындағы дұрыс тәрбие, мектеп қабырғасындағы патриоттық тәрбие, жоғары оқу орнындағы рухани құндылықтарға баулу жас ұрпақтың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ұлтжанды жас елін сүюмен қатар, оны қорғауға, өркендетуге күш салады.

Ұрпаққа үлгі боларлық Алаш арыстары, елін сүйген бағырлар мен даналар-бүгінгі жастарға рухани бағдаршам. Біз олардың жолын жалғап, тәуелсіз елдің тұғырын биіктететін жас буынды тәрбиелеуіміз керек. Жастарға сенім арту, қолдау көрсету-елге жасалған ең үлкен инвестиция. Сондықтан әрбір жас бойындағы отаншылдық сезімді оятып, білім мен тәрбиені қатар дамыту-бүкіл қоғамның ортақ парызы. Таяуда ғана Ұйғыр ауданының Қарадала төсінде болып өткен «Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты дөңгелек үстел ел болашағы саналған жас ұрпақ мәселесіне арналды.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы



Тұрымбетов модератор болған осы басқосуға Ұйғыр ауданының әкімі Бота Серікқызы Елеусізова, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мүшелері, облыстық дін істері басқармасының өкілдері, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, облыс көлеміндегі аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен «Алатау жастары» жастар ұйымының мүшелері қатысты.

Бұл шараның бір ерекшелігі қала төсінде емес, Қырғызсай деген жерде,

табиғаттың дала төсінде өткенін әңгіме басында айта кетейік. Жалпы шара Қарадала төсіне оралған Әлмерек бабаның кесенесіне тәу етіп, оның әруағына құран оқудан басталды. Одан кейін басқосуға келгендер бағыттарын Қырғызсай ауылдық округіне қарасты табиғаттың сұлу қойнауына қарай бұрды.

Жиынды ашқан Ерболат Сапарұлы келген қонақтарды бүгінгі шараның басталуымен құттықтап, оның көтерер жүгін, мақсатын айтып өтті. Мінбеге



көтерілген Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова да әңгімесін өз құттықтауынан бастады.

«Бүгінгідей әсем табиғат аясында, Қырғызсай ауылының тау етегінде бас қосқанымызға өте қуаныштымын. Осындай жерде өтіп жатқан шара ұрпақтар сабақтастығын жаңғыртып, жастарымыздың жүректеріне ұлттық рух пен жауапкершілік дәнін себеді деп сенемін» деген ол Ұйғыр ауданы жастарының бүгінгі жай-күйінен деректер келтіріп, хабардар етті. Ол кісі айтқандай, бүгінгі таңда Ұйғыр ауданында 20 мыңдай жастар тұратынын көрінеді. Солай десек те, қазіргі қоғамда өзекті болып отырған мәселенің бірі- оқымайтын, жұмыс істемейтін, кәсіби дайындықтан өтпей жүрген жастары бар NEET санатындағы жастар бұл ауданда да бар екен. Өткен, 2024 жылы ауданда осы санаттағы жастар саны 1287 болса, қазіргі уақытта олардың саны 651-ді құрап отыр. Бұл мәселеге аудан басшылығы мемлекеттік тұрғыдан қарап, оларды қайта қоғамға бейімдеу, қолдау көрсету, жұмысқа тарту бағытында кешенді шаралар жүргізіліп жатқан көрінеді.

Одан кейін сөз кезегін алған облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары Ләззат Мырзабекова мен облыстық дін істері басқармасының басшысы Ергали Қошеке өз баяндамаларында жастар тәрбиесіне терең мән берсе, Қарасай аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлтұсын Бархинова бүгінгі қыз бала тәрбиесіндегі ананың ролі жөнінде келелі әңгіме айтты. «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров өзі жетекшілік ететін ұйымдағы

Қай заманда болмасын ел болашағы жастардың қолында болған. Тәуелсіз еліміздің дамуы ме өркендеуі де қазіргі жас ұрпақтың біліміне, тәрбиесіне, азаматтық ұстанымына, отаншылдығына байланысты. Сондықтан да бүгінгі таңда тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастарды қалыптастыру-мемлекет пен қоғам алдындағы ең басты міндеттің бірі.

жастармен өткізіліп жатқан істерге тоқталды. Сүмбе ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Қалабай Меремімов осы жиынға келгендердің келешектегі жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жасыратыны жоқ, облыстық дін істері басқармасының басшысы Е.Қошекенің жасаған баяндамасына көпшілік баса назар аударғанын айта кетсек болар. Баяндамашы айтқандай, соңғы онжылдықта діни фанатизм мен радикализм идеялда

ры кеңінен таралып, зорлық-зомбылық актілері жиілеп, радикалды діни идеологияға негізделген экстремизм үшін сотталғандардың саны айтарлықтай артыпты. Дін ұстанушылардың радикалдануы оларды күш қолдануға итермелейді және қоғамдағы бейбітшілікке, қауіпсіздікке, тұрақты дамуға қатер төндіретіні анық. Бұған мемлекет болып қарсы тұрмаса қоғам мен мемлекеттің тұтастығына едәуір қауіп төндіретіні тағы анық.

Баяндамашы қазіргі таңда жастардың деструктивті діни ағымдардың ықпалына түсуі қоғам қауіпсіздігіне төнетін елеулі қатерлердің бірі екені айта келіп, бұл қауіпке қарсы тұру тек құзырлы органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның, әсіресе ата-аналар, ұстаздар мен діни қызметшілердің бірлескен күш жігерін талап ететінін алға тартты. Басқаша айтсақ, жастарды деструктивті діни ағымдардан қорғау-елдің болашағын қорғау деген сөз. Баяндамашы жиналған көпшіліктің назарын осыған бұрды.

Осы шара барысында облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы жастармен жұмыс барысында көзге түскен жекелеген адамдарды Алғыс хаттармен марапаттады.

Еліміздің келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында екені сөзсіз. Олар-ертеңгі мұғалім, дәрігер, инженер, саясаткер, ғалым. Сондықтан әрбір жас бойындағы отаншылдық сезімді оятып, білім мен тәрбиені қатар дамыту-бүкіл қоғамның ортақ парызы. Тек сонда ғана еліміздің болашағы жарқын, тірегі мықты болмақ.

Қырғызсай бөктерінде өткен дөңгелек үстелден оған қатысушылар осындай ой аркалап қайтқаны анық. Ия, ел келешегі-жастардың қолында.

Алтынбай СИҚЫМБЕК.
Қарадала төсі.
Ұйғыр ауданы.

Апта жаңалықтары

АУЫЛДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҰЛЫ

Жақында Іле ауданы Ақши ауылының Мәдениет Үйінде мемлекет қайраткері Серік Әбікенұлы Үмбетовтың 75 жасқа толуына байланысты оның ізгілікті өмірі мен еңбек жолын насихаттау мақсатында «Ел дамуына адал еңбек – Серік Үмбетовтың өнегелі жолы» атты танымдық сағат өтті.

1950 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Прудки ауылында дүниеге келген Серік Әбікенұлы Үмбетов-әр жылдары Алматы және Жамбыл облыстарының әкімі, ауыл шаруашылығы министрі, Президенттің Іс басқарушысы қызметін атқарған. Қазақстан Парламенті Мәжілісінің V, VI шақырылым депутаты болған мемлекет қайраткері. Еңбек жолын агроном ретінде бастаған Серік Әбікенұлы қарапайым кез-келген адаммен тіл табыса білетін қарапайымдылығы, елге деген қамқорлығы, жоғары жауапкершілігі, мамандығына адалдығы және ең бастысы еңбекқорлығы арқасында біртіндеп еңбек сатысымен жоғары көтеріле білді. Жоғары лауазымды қызмет атқарса да асып, тасымалды, өзінің кісілігі мен кішілігін жоғалтқан жоқ. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білді. Ал, қызметіне келгенде қарамағындағылардан темірдей тәртіп пен жоғары жауапкершілікті талап етіп, жұмыстың өнімді және сапалы болуына айрықша көңіл бөлді. Әсіресе Алматы облысын басқарғанда осы өлкенің экономикасын ілгері жылжытумен қатар Талдықорған қаласының рухани орталық болуына бар күшін сарқа жұмсады. Айтар болсақ, мұнда тіл орталығының, халықтар достығы үйінің жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызды. Өңір бойынша ұлттық құндылықтар мен әдет-ғұрыптың кеңінен дәріптелуіне айрықша көңіл бөлді. Серік Үмбетовтің тағы бір ісі еліміздің ерлеріне өзі қойған немесе бұқараға тұтқа болып, бастаушы қауымға нұсқау беріп, қойғызған алуан белгі-ескертікшітерін айтпасақ болмайды. Олар – «Желтоқсан оқиғасының» қаһармандары Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаев, қазақтың тұңғыш теміржолшысы, алашшыл қайраткері Мұхамеджан Тынышпаев, қас бағыр Қаракерей Қабанбай, Қабылыса Жырау, Ескелді, Балпық билер, ғұлама Қадырғали Жалайыр, тағы басқа талай тұлғамыздың ескерткіштері. Серік Әбікенұлы тұрғызған мешіт, күмбездер және бар. Түгендесек, ұзын саны 45-тей тарихи белгі тұрғызып, сәулеттік бедер орнатыпты. Қырық бес қазақтың құты, қазынасы. Тасқа түскен, кірпіштен түрегеліп бой көтерген қырық бес жады, жан байлығы, келешекке сәлемі, асыл мұралық салтанаты.

Адал еңбегі үшін «Құрмет», «Парасат» ордендермен марапатталған Серік Үмбетовтың өнегелі өмір жолы-өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Өз тілшіміз.

РУМИНИЯҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 80 - жылдық мерекесіне орай Іле ауданы Байкент ауылындағы мәдениет үйінде «Отты жырлар жырлайды» - «Песни огненных лет» атты облыстық байқау өткен болатын.



Осы байқауда қазылар алқасының шешімімен хор ұжымдары арасында Қарасай ауданы Береке ауылдық округінің «Асыл қазына» атты ардагерлер ансамблі бас жүлдені жеңіп алып, қаржылай сыйлық алған еді.

Бұдан кейін көп уақыт өтпей «Асыл қазына» ансамбль мүшелері біраз дайындықтан соң Қырғызстан Республикасында өткізілген халықаралық байқауда өздерінің бағын тағы бір мәрте сынады. Қырғызстан,Түркия, Румыния, Өзбекстан, Қарақалпақстан және Қазақстан мемлекеттерінен келген өнерпаздардың ішінен озық шыққан біздің «Асыл қазына» ансамблі жеңіске жетіп, Румыния мемлекетіне жолдама алды. Өздері зейнетте болса да ауданның қоғамдық



жұмыстарына белсене қатысатын өнерпаз ардагерлеріміз сахнада өздерін ұстау мәдениетімен, киім киістерімен, ең бастысы нотаны шатастырмай әнді нақышына келтіре орындауларымен ерекшеленді. Біздің өнерпаз ата-әжелеріміз тек ән айтып қана қоймай, жас ұрпаққа саналы тәрбие беріп, оларды жауапкершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу жөніндегі іс-шараларға да үнемі қатысып отырады.

«Асыл қазына» әжелер ансамбль мүшелерін нағыз жеңістерімен шын жүректерімізден құттықтай отырып, олардың осылайша жеңістен жеңіске жете берулеріне тілектеспіз.

С.МӘСИМАҚЫНОВ,
Қарасай ауданы
ардагерлер ұйымының төрағасы.

Балқаштықтардың майдандағы үлесі

Тарихқа тағзым-ұрпаққа тағлым

Ел басына күн туған сол бір қиын заманда, Екінші дүниежүзілік соғыс тарихында біздің Балқаш елі де елдігі мен ерлігін, уыздай ұйыған ынтымағы мен жұдырықша жұмылған бірлігін, берекелі тірлігін таныта білді. Ауданымыздан 3185 адам соғысқа аттанып, 1898 адам туған елге қайтып оралмады. Олардың есімдері Ұлы Жеңістің 60 жылдығы, 65 жылдығы, 70 жылдығына орай жарық көрген «Отан қорғаған балқаштықтар», «Мәңгілік, мәңгі жас балқаштық есімдер», «Балқаштық батырларға мың тағзым» атты тарихи-танымдық, деректі туындыларда мақтаншыпен аталды.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранды бастаманы қолдауда да балқаштықтар аянып қалған жоқ. Атап айтсақ, «Алматы колхозшысы» атты танк колоннасын жасау қорына 1943 жылдың қаңтар айындағы ақпар бойынша аудан колхозшылары 797500 сом жинап, қаржылай көмек беріп, өзгелерге үлгі көрсетті. «Шаруа», «Молотоз», «Ақдала», «Буденный», «Қызыл Октябрь» колхоздарының колхозшылары және аудандық партия мен атқару комитеттері, аудандық жер бөлімі, денсаулық сақтау бөлімі, «Бырызатрест» және басқа да аудан мекемелері мен колхоз ұжымдары мемлекеттік «Екінші дүниежүзілік соғыс заемына» көптеп жазылып, астық, ондатр терісін, қыстық киім-кешек, шолақ тон, пима, құлақшын, қолғап тағы басқа азық-түлік, ет, сары май өткізіп, соғыс біткенше майданға үздіксіз жіберіп отырды.

Осындай игі шараларды ұйымдастыруда ел тізгінін ұстаған Байтана Сүгіров, Асқанбай Демеубаев, Қасымбек Тәжібаев, Рақымбай Бейсебаев, Сәдуақас Дүйсенов, Ж.Оңланбекова, Сейітхан Байбеков, Сәрсен Оспанов, Тойынбет Кәрібаев, Молдақасым Сабырбаев, Алпысбай Текебаев, Әбдірахман Бұлдыбаев, Нүсіп Майшыбаев, Садық Терлікбаев, Айнабек Нұрбаев, Сырлыбай Елеусізов, В.В.Проскураковтар белсенділік танытып, іргелі іске ұйтқы бола білді. 1944-1945 жылдары ауданымыздағы «көпмиңшылардың» бастаушылары Жібек Иманбаева, Қания Жақтыбаева, Қанайша Оразбаева, Бәтима Алпысбаева, Әлиман Әбдірахманова, Жамал Жаңабаева, Нұркерім Бәйімбетов, Сұлтан Бөлекбаев, Әкімбай Қоржынбаев, Жексенбике Ахаева, Биішкен Татубаева, Жауәрия Сәмбетбаева, Балшоке Әбілдаева, Сәтбала Жақыпова, Сағынбекбайтұрсынов, ӘбукожаӨмірбаев, ЖақсытайКүдербаева, СүлейменБураханов, ӘнияБайқабакова, МұқанЕрменбетов, ЖұмағалиЖөкебаевтар осындай игі бастамаға қолдау көрсетіп, атсалысып, жұртты жұмылдыра білді.

Балқаш аудандық мұрағатының деректері бойынша мемлекеттік «Екінші соғыс заемына» жазытуда Кәукен Ахметов, Нүсіп Жетібаев, Сағынбек Байтұрсынов, Жүніс Кенжеғараев, Несіпбай Диханбаев, Есенбай Байқотанов, Сырбаз Шубаева, Бәйбек Байтажиев, Иса Сатыбалдиев, Мұсырпан Жәниев, Нұрмағанбет Стамбеков, Бәйбек Білібаев, Қайша Ысқақова, Саркыт Өмірбаева, Рысбала Толыбаева, Қаншайым Иманбекова, Адам Тойшыбекова, Сәрсекбай Тышымов, Пішән Әлімқұлова, Байбала Ақсақалова, Нәдір Асубаев, Ажар Ноғайбаева, Нағашала Байдаболова, Мақұлбек Ахметов, Шалғынбай Ауғабаев, Жүніс Кенжебаев, Зейне Демесінова, Мамық Еспембетова, Кемелбай Көбеев, Сенбай Әбішов, Кәбік Әділбеков, Шәлі Сегізбаева, Мейізтай Өскенбаева, Наушақұл Мұқановалардың есімдерін атап өткен орынды. Сондай-ақ аудандық дайындау Заготсгот мекемесі, денсаулық сақтау бөлімдері мен «Брызатрест» ұжымы ерен үлес қосқан.

Ұлы Отан соғысы жылдары ұйымдастырудағы еңбегі үшін алғашылардың бірі болып, (ол кездегі жоғарғы марапат) облыстық атқару комитеті шешімімен Құрмет грамотасымен марапатталып, «Құрмет тақтасына» Жаңғұлов Есім, Елеубаев Ал-

пысбай, Қасабаев Оспан, Каренеев Халық, Қирабаев Әлсай, Демесінов Қоңырбай, Мыңжасарова Салиха, Намазов Байбөпе, Романенко Иван, Жексенбаев Орынбай, Тен Ен Ен, Токпейісов Нұртаза, Үркінбаева Қантбала, Керімжанов Әуелбек, Қоржынбаев Әкімбай, Оңқонысов Кәрібай, Ақылбеков Жарқынбектердің есімдері жазылды. Балқаш ауданының барлық еңбеккерлерінің тыныс-тіршілігінің қарқыны Жеңіс күніне дейін толастаған жоқ. Бұл ұлы істің қатарында менің әкем, Жұмағали Демеуқұловтың да, әкеммен ыық тіресіп қатар жүрген еңбектес замандастарының да сүбелі үлесі бар.

1942 жылы аудан бойынша «Колхоз жолы», «Екпінді», «Ленин жолы», «Ерікті» және «Каганович» атындағы колхоздар бір жылдық тұз дайындау жоспарын 100% орындап, «Ленин жолы» және «Ерікті» колхоздары кендір дайындауды 160-250%-ке дейін жеткізген. Сондай-ақ колхоздар егін орып, астық жинау, мемлекетке беруге тиісті ет, май, брынза, сүт, жүн тапсыру, ақша-қаражаттарын өтеуді де мерзімнен бұрын орындады. Осындай Жеңіс үшін таңның атысы, күннің батысы тылда еңбек еткен қариялар мен әйелдердің, еңбек жасындағы балалардың өлшеусіз еңбегінің жемісі, 1944 жылдың қазан айындағы малшаруашылығы арасында ұйымдастырылған «Социалистік жарыс» қорытындысы бойынша мемлекеттік жоспарды орындаудағы қол жеткізген табысы үшін Алматы облысы бойынша Балқаш ауданы үздік деп танылып, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің ауыспалы «Қызыл Туы» табыс етілді.

Соғыс жылдары елімізге Волга мен Донбастан жер аударылып келген ресейлік немістердің бір тобы біздің елге қоныстандырылды. Халық құшақ жая қарсы алып, бауырларына басып, бәрін аудан орталығына жинап, артель ашып, жұмысқа орналастырып, көмектерін көрсетіп, оқу жасындағы балаларын мектепке оқуға беріп, қамқорлық жасады.

Біздер, Ұлы Отан соғысы Жеңісінен кейінгі, қалпына келтіру жылдарының алғашқы 10 жылының соңындағы дүниеге келген ұрпақтар үлкендердің, отбасындағы ата-әжелеріміздің, әке-шешелеріміздің қасіретті соғыс зардабы жайлы әңгімелерін естіп өстік. Әкемің әкесі Демеуқұл атамның бірге туған егіз бауыры, Өскенбаев Әбу мен Сансызбай 1941 жылы соғысқа аттанған екен. Бауыры Сансызбай ауылдасы Қатша Шаянқызымен отау құрған жылы әскерге алынып, артында жас келіншегі қалған. Ал, Әбу бауыры үйленбеген. Екеуі де соғыстан туған жерге қайтып оралмады. Есімдері аудан орталығындағы «Соғыс жауынгерлері» ескерткішінде жазулы. Шешем Басшыбайқызы Бибікүлдің туған бауыры, көкесі Басшыбайұлы Жапар да соғыстан қайтып оралмаған. Шешемнің әкесінің және өзінің бауырына шығарған жомтау өлеңін шешемнің, нағашы әпке- ағаларымның әнге қосып, еске алатынын ес біліп, есейген шағыма дейін тындап өскенім, күні бүгінгідей әлі есімде. Бұл жайт екі үйдің бірінің басында бар оқиға еді...

Иә, бүгінгілердің кешегі алапат соғыста Ұлы Жеңіс жолында қару асынып, опасыз жаудан елін қорғап, майдан даласында Отан үшін кеуделерін оққа тосып, бүгінгі ұрпағына Жеңіс сыйын тарту еткен, аға буын өкілдерінің ерен ерлігі мен халықтың мызғымас бірлігін, тыл еңбеккерлерінің өлшеусіз еңбегін жас ұрпақтың санасына сіңіру- бұл күнде есімдері естелікке айналған, ерлігі елге ұран, ұрпаққа үлгі болған жеңіс жауынгерлерінің даңқына тәжім ету. Рухына бас ию. Бұл-елдік қасиет. Бұл - Жасампаз Ұлы Жеңістің ұлығын ұлықтау. Тағлымы мол тарихқа тағзым ету деп білемін.

Зәуреш ДЕМЕУҚҰЛОВА,
Қазақстанның Құрметті азаматы.
Балқаш ауданы.

Фибрат

Ел дәулетін еселеу жолында қолдарымен ырыс күреп, болашақ үшін жан аямай еңбек еткен азаматтарымызды әр уақытта қастерлеп оқыту-кейінгі ұрпаққа үлкен парыз. Солардың бірі-қай салада еңбек етсе де жастарға ұстаз, өз замандастарына үлгі бола білген, Жетісу өңірінің экономикасының, әлеуметтік саласының дамуына айтарлықтай үлес қоса білген әрі республикаға танымал белгілі қоғам қайраткері, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі», Алматы облысының және Панфилов ауданының Құрметті азаматы - Ерсалиев Әзтай Меңлібайұлы.

Өткен жолдың өрнегі

Ол Жаркент өңірінің әйгілі «Қырық жылдық» атанған ауылында 1930 жылы дүниеге келеді. Әкесі Меңлібай мен шешесі Асылхан ұжымшарда малшы болып істеген, шаруа адамдары болған. Ел іші ашаршылық ауырталпығынан күйзелген шақта, сондай қиындықтардың әсерінен 9 жаста әкеден, 13 жасында шешеден айырылып, қарындасы Қантай екеуі үлкен әкесі Қырықбайдың қолында өседі.

1939-1949 жылдары Жаркент өңіріндегі Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепті жақсы бітіріп, сол жылы Алматы зоотехникалық және мал дәрігерлік институтына түседі. Институтта жақсы оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. 1954 жылы институтты бітіріп, зоотехник мамандығын алады. 1954-1959 жылдары Алакөл, Ақсу және Панфилов аудандық ауылшаруашылығы мекемелерінде бас зоотехник болып жұмыс істейді.

1959-1961 жылдары Панфилов аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары және ауыл шаруашылық инспекциясының бастығы қызметін атқарған. Ә. Ерсалиев 1961 жылдың ортасынан бастап, 1966 жылдың қыркүйек айына дейін аудандағы үлкен «Көктал» қой кеңшарының директоры болып еңбек етті. Бес жылдың ішінде ғылым мен озат тәжірибелердің жетістіктерін толық еңгізіп, кеңшардың экономикасын нығайтуда үлкен табыстарға жеткен. Совхозда аз жылдың ішінде жаңадан аурухана, клуб, 640 орынды мектеп үйінің қабырғасы көтерілді. 1963 жылы осындай абыройлы қызметінің арқасында «Көктал» кеңшарынан республикалық Жоғары Кеңесінің депутаттығына сайланады.

Сол кездегі Алматы облысының бірінші хатшысы Асанбай Асқаровтың ұсынысы бойынша еңбек жолын абыроймен бастаған Ә.Ерсалиев Алматы облыстық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарлығына тағайындалады.

1968 жылдың басында Талдықорған облысы қайта ашылғанда Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы Д. Қонаевтың тапсыруымен Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлық қызметіне ауысады. 1978 жылға дейін осы өңірде облыстық деңгейде жоғары қызмет тізгінін ұстайды.1979-1989 жылдар аралығында Тал-



дықорған облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы жөніндегі хатшы қызметін атқарады.

Ерсалиев Әзтай Меңлібайұлы Кеңес және партия ұйымдарында жиырма жылдан артық қызмет атқарумен қатар, көптеген шаруашылық басшыларын тәрбиелеп өсірді. Атқарған негізгі қызметтермен бірге әр түрлі қоғамдық істерге де атсалысады. Халық шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық дамуына (мал шаруашылығы, егін шаруашылығы) қосқан зор үлесі үшін Ә. Ерсалиев бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталады. Сонымен бірге ол 1960 ж. Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің, 1990 ж. Қазақ КСР ауылшаруашылық Министрінің құрмет грамоталарының иегері.1964 ж. Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесі Президиумының «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі» 2000 жылы «Алматы облысының Құрметті азаматы», 2004 ж. «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атақтары берілді.

Қазіргі таңда ұлын ұяға, қызын княға қондырған бақытты ата Әзтай Ерсалиев 1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер. Отбасының ұйтқысы, жұбайы әрі балаларының анасы Сыбанқұлова Зарият Нұрәлімқызымен 50 жылдан артық қол ұстасып, өмір сүріп келеді. Екі бала өсіріп, төрт немере сүйіп отыр.

Ерсалиев Әзтай Меңлібайұлы қай салада еңбек етсе де жастарға ұстаз, замандастарына үлгі бола білді, облыс деңгейіндегі жоғары басшы қызметтерді ұзақ жылдар бойы атқарып, беделді де, білікті ұйымдастырушы, қабілетті де мәдениетті азамат ретінде халықтың сыйына, ілтипатына ие болған тұлға.

Н. ЖҮСПОВ,
Алматы облыстық архивінің архивісі.



Күркіреп күндей өтті ғой соғыс...

Соғыс-күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап, жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Иа, содан бері жар-ты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Салқыны сан жылдарға созылған сол бір сұрапыл соғыстың жаңғырығы мәңгі жадымызда. Ел шетіне жау тиген шақта қолына қаруын алып, қан майданға аяқ басқан жауынгерлер қашан да құрметті. От кешіп, оққа кеудесін тосқан сол сарбаздардың ерліктері бүгінгі бейбіт күннің кепіліндей.

Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толды. Еліміз бұл күнді ерекше атап өтетіні белгілі. Ұлы Жеңіс мерекесі жақын-даған сайын еліміздің азаттығы үшін күресіп, қан майданда от кешкен батырларымыз бен Жеңіс күнін жақын-датқан тыл еңбеккерлерін еске аламыз.

Қаламыздың тұрғыны, еңбек ардагері, ҚазССР оқу ісінің үздігі, «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысының жеңіске 69 жыл мерекелік медалінің иегері Балқия Мырзаханова келіп, әкесі Мырзахан Тансықбаев пен ұстазы Мәлік Ғабдуллиннің Ұлы Отан соғысындағы ерлігі туралы әңгімелеп берген еді.

Балқия апаның әкесі Мырзахан Енбекшіқазақ ауданынан соғысқа аттанып, генерал-майор Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясына түскен екен. Майдан даласына аттанбас бұрын дайындықтан өтеді. 1941 жылы Алматы маңында құрылған 316 атқыштар дивизиясының құрамында 11347 сарбаз майданға дайындықтан өтіпті. Олардың арасында 13556-ысы қазақ, қалғаны орыс, өзбек, украин, татар, тәжік, түрікмен,

белорустар бар. Сол қазақтардың қатарында Мәлік Ғабдуллин мен Мырзахан Тансықбаев та болған. Дивизияның әртүрлі атқару жұмыстарына 1941 жылы Ташкенттен Ленин атындағы пехотный училищесін бітірген 170 офицер келіп, қолына қару ұстап көрмеген бозбалаларды майданға дайындаған. Генерал-майор И.Панфилов та осы училищеде тактикадан сабақ берген өте шебер ұстаз болған екен. Міне, осындай білікті мамандардан сабақ алған сарбаздар соғысқа аттанған.

1941 жылдың күзінде Панфилов дивизиясы немістің үш пехотный дивизиясы мен бір танк дивизиясына шабуыл жасап, тас-талқан етеді. Сол кезден бастап жау әскерін жайратуда алдына жан салмаған Панфиловшылар ұрыс даласында ерлік көрсетіп, ерекше көзге түскен. Жаудың әскери жасағы совет әскерінікінен бірнеше есе көп болған деседі. Қару жарактың түр-түрі, көліктің түр-түрі болыпты. Мәлік Ғабдуллин алғаш 75-і полкте кіші политрук, кейін саяси басшы болып тағайындалған. Жиырма бес

жастағы Мәлік ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығымен көзге түскен. Балқия апаның, әкесі Мырзахан да Мәлік Ғабдуллиннің полкінде Москва, Тула, Ленинград, Калинин, Смоленск, Орел облыстарын гитлершіл оккупанттардан азат етіп, жан-кешті шайқастарға қатысады. Мәлік Ғабдуллин басқарған полк Трошково селосының түбіндегі жеті сағаттай болған ұрыста бір рота автоматшыларымен бес реет шабуылға шығып, жаудың қарсы шапқан шабуылын тойтарған. Тағы бір ұрыста политрук Мәлік Ғабдуллин мен аға лейтенант Соловьев бастаған автоматшылар 200-дей фашисті қырып салған екен. 1942 жылдың 16 наурызында 316 атқыштар дивизиясы неміс басқыншыларына қарсы көрсеткен ерліктері үшін «Ленин» орденімен марапатталған. Осындай қиын кезеңдердің бірінде 1942 жылдың 20 ақпанында Калининград майданында, қазіргі Новгород облысы Мазури жерінде 17 тәулік бойы жау әскерімен жан беріп, жан алысқан қанды шайқас болып, дивизия көптеген



әскерлерінен айырылады. Солардың шінде Балқия апаның әкесі Мырзахан Тансықбаев та қаза тапқан екен. Ол туралы деректер 1985 жылдың майында Москва облысы, Подольск қаласындағы орталық мұрағаттан келген құжатта айтылған екен. -Жиырма миллион совет адамының өмірін жалмаған сұрапыл соғыстың қайғы қасіреті ешқашан да ұмытылмайды. Қазақстаннан 600 мың адам, Алматы облысынан 40 мың адам сұм соғыстан еліне оралмапты. Баланы әкеден, ананы баладан айырған Ұлы Отан соғысының қасіреті талай шаңырақты шайқалтып, талай жанның өмірін өксітті емес пе?! Біз де әкемізден ерте айырылып, тағдырдың тауқыметін тарттық. Бірақ та, мен әкемің атакты генерал-майор Панфиловтың дивизиясында болып, еліміздің қаһарман ұлы Мәлік Ғабдуллинмен бірге жауға шапқанын мақтан етемін-дейді Балқия

апа. Мәлік Ғабдуллинге 1943 жылы 30 қаңтарда қаһарман ерліктері үшін «Совет Одағының Батыры» атағы берілген.

Соғыстан оралған соң ол білім саласында қызмет етіп, СССР Педагогика ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор атақтарына иеленіп, қазақтың Абай атындағы педагогика институтының ректоры қызметін атқарыпты. Әкесінің майдандасы туралы Балқия апа:

-Мәлік ағай бізге институтта қазақ халқының ауыз әдебиетінен лекция оқыған еді. Ұлы Отан соғысындағы майдандас достары туралы көп айтатын. Нағыз ер жігітке тән сабырлы мінезінен айнымайтын. Мен осындай ұлы адамнан білім алғанымды мақтан етемін,- деп еске алып, соғыстан оралмаған ата-әжелеріміздің біздің бақытымыз үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бейбіт өмір сыйлағанын, ел үмітін ақтаған ерлеріміздің есімін әлі есінде сақтап, қайтпас қайсарлықтарын келер ұрпақ үлгі етер деген сенімін білдірді.

Иә, «Ерлік «өшпейді, ер ұмытылмайды» дейді дана халқымыз. Ұрпағының болашағы үшін от пен оқтың арасында жанқия күрескен ардагер аталарымызды ұрпағы ұмытпасы анық. Жыл сайын қатары сиреп бара жатқан көзі тірі ардагерлерімізді құрметтеу, оларға қамқор болу баршамыздың парызымыз екенін ұмытпайық.

Матан БЕКБОСЫНОВ,
Талғар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ДАНА ТҰЛҒАНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Өткен аптаның жұмасы күні Балқаш аудандық мәдениет үйінде Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, «Құрмет белгісі», екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь революциясы» және І-ІІ-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордендері мен көптеген медальдардың иегері атанған, 1969–1984 жылдары аралығында Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған қоғам қайраткері Әниятұлла Ахметовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Дана тұлғаның дара жолы» тақырыбында тарихи–танымдық конференция ұйымдастырылып, «Тұғыры биік тұлға» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Ел-жұртына еселі еңбегі сіңген тұлғаның мерейтойына орай ұйымдастырылған мәдени шара басталмас бұрын аталмыш конференцияға арнайы келген қонақтар аудандық кітапхана қызметкерлері дайындаған «Шежіре тұнған, асылдар туған құт мекен» тақырыбында кітап көрмесі мен Көктал ауылындағы Ә.Ахметұлы атындағы орта мектеп ішінен ашылған музейдің көшпелі экспонаттарын аралап, ол жерде өз ағаның тіршілігінде қолданған дүниелері мен қызмет барысында түскен фотосуреттерін тамашалады.

Конференцияда арнайы сөз кезегін алған құрметті қонақтар дана тұлғаның ауданға сіңірген еселі ең-

бектеріне баса тоқталып, естелік әңгімелерді өрбітті.

Мәдени шара барысында аудан әкімі Азат Құтпанбетов, Алматы облысының және Балқаш ауданының Құрметті азаматы Тынышбай Досымбеков, Ә.Ахметовпен қызметтес болған Жолтай Балтабеков және немересі Нүсіпжан Хамидоллаұлы, қазақ журналистикасының қайраткері, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы, «Тұғыры биік тұлға» кітабының авторы Зарыққан Әбілқасымұлы, сондай-ақ аталмыш кітаптың демеушілері Әбдіжаппар Қыстаубаев, Мұратбек Бейсебеков пен Бақытжан Хамзин сахна төріне құрметпен шақырылып, Ә.Ахметовтың



100 жылдығына орай жарық көрген «Тұғыры биік тұлға» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Мұнан соң аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Бақанас» театрының өнерпаздары «Шалқыма» әнінің шығу тарихын сахналады. Халқының сүйікті перзенті болған әз ағаның 100 жылдық мерейтойында әуезді ән шырқа-

лып, күмбірлете күй ойнап, мың бұралған бишілердің қатысуымен өткен мерекелік шара көптің есінде ұзақ уақытқа дейін ұмытылмай жүретіндей жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әният ағаның тұлғалық болмысын айшықтап, сара жолындағы дара ізін жас ұрпаққа насихаттау сол заманда үзеңгілес болып, бірге қызмет атқарған

һәм көзін көрген қазіргі аға буын өкілдері де өздерінің естеліктерімен бөлісті.

Мерекелік шарадан соң «Ақ Отау» мейрамханасында Әниятұлла Ахметовтың рухына құран бағышталып, ас берілді.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.

Жеңіске – 80 жыл!

Өмірге құштарлығы өрге сүйреді

*(Соңы.
Басы газетіміздің өткен санында)*

Қайсар жауынгер майданда І-ші Украина, кейін І-ші Беларусь майдандарында соғысады. Генерал Н.Ф.Ватутин басқарған алпысыншы армияның 75-ші гвардиялық дивизиясының 231-ші атқыштар полкінда взвод және рота командирі болып қызмет етеді. Киевті азат еткен шайқастардың бірінде олар оның солтүстігінің 180 шақырымында орналасқан Толоков тоғайына не болады. Одан Киевке барар жолдағы құм төбелерде окоптар қазу кезінде көп қиындықтарды бастан өткізеді. Соның бәріне де көндігеді. Қызыл құм ешқашан да бір орнында сусып тұрмайды.Мұндайда мылтық шүріпшелерін тазалауға ерекше ұқыптылық керек. Қолдары қалт ете қалса сол уақыттарын соған жұмсайды.

Соның бәріне қарамастан Толоков тоғайына ұмтылған фашистердің біразына тосқауыл қойып, қырып тастаған кездері де аз болмады. Әбекең сол кезде взводты басқарған. Кескілескен бір шайқаста қарамағындағы пулеметшіге оқ тиіп, оның алды қанға боялады. Ұрысты басқару тізгінін орынбасары Ивановқа тапсырады. Өзі болса медбикені іздеп шығады. Сол бір қарбалас шақта окоптардың бірінде генерал Н.Ф.Ватутинмен кездесіп қалады. Қасында көмекшісі бар екен. Ол Әбдіжаппардан «Қайда бет алып барасың»,–деп сұрайды. Осы кезде окоптардан өтіп бара жатқан медбикелерді көріп, айғайлап шақыра бастайды. Сол уақытта генерал көмекшісімен арғы беттегі қалқаға қарай бет алған екен.

Сол сәтте оған «генерал мені түсінген шығар» деген ой келеді. Жаралы пулеметшіні медбикелер алып кетеді. Қас қарайғанша атыс толастамайды. Станокты пулеметтің лентасына 249 оқ сияды. Ол соны үсті-үстіне атып, жауға қаратып безілдетумен болады. Қараңғылық түскенде ғана 330 әскер мен офицерлер болып, жабдылып жатып әрең дегенде, Толоков тоғайына кіреді. Немістер аспанға Киевті жарықтандыратын ракеталар атып, прожекторлармен жазықты шолып қарап қояды. Сол түнгі ұрыстардан соң төрт рота және үш взвод шамасындай әскерден жеті адамның саптан шығып қалғаны белгілі болып қалды. Тоғайдың бір шетінің қорғаусыз ашық қалғанын пайдаланып, немістер қатты оқ боратқан.

Сол түні полкке біраз шығын келген. Полк командирі Барматовқа Әбдіжаппар көмекшісі арқылы хат жолдап, көп қырғынға ұшырағандарын, енді қорғанысты ұстау мүмкін еместігін баяндайды. Баратов оған қайтарма жауабында «қалай қиналсаңдар да төтеп беріп, қорғанысты бәсеңдетпендер, күн батқан соң, көмек жіберемін» деген жауап алады. Жетеуіміз кеш батқанға дейін тоғайды қорғап бақтық. Уәделі уақытта көмекке келген жауынгерлерді жатқан өліктердің үстіне орналастыруға мәжбүр болады. Олар үшін басқа амал жоқ. Командирлерге жағдайды түсіндірген соң медсанбатқа әрең жетіп, бір сағаттан кейін қайтып оралады.

Киевтен 18 шақырым жердегі олардың позициядан жүріп жатқан шайқас алаңы алақандағыдай байқалып тұрды. Немістер шабуылын күнітүні тоқтатар емес. Жан-жақтарынан жарылған бомбалардың, пулеметтердің, минометтердің, суылдаған оқтардың, гүрілдеген танкілердің

барылдаған дауыстарынан құлақ тұнып кетеді. Бұл аздай қарсыластардың авиациясының ащы даусы құлақты жарып жібере жаздайды. Міне, осылайша келесі күні Толоков тоғайымен жүріп отырып, Днепр өзеніне жетіп, оны немістерден босату үшін шайқасады.

1943 жылдың 26 тамызында Севск-Северский Новгорода бағытындағы орталық майданның жауынгерлері шабуылға шығып, фашистерге қатты соққы береді. Жау да табан тіреп, қарсыласып бағады. Оларға тойтарыс беру оңай болмайды. Осы шайқастар барысында Қызыл Тулы 75-ші гвардиялық дивизияның 231-ші атқыштар полкінің жауынгерлері алға қарай еркін қимылдауға мүмкіндік алады. Осылайша қараша айында Киев қаласы берік сеніммен азат етіледі. Жауынгерлер де жақсылап бой жазып қалады.

1943 жылы І-ІІ-ші армиялардың қолбасшылары Ватутин мен Ковневтің басшылық етуімен Киевтен әрі Сумма, Ровно қалаларына беттегенде, немістер тез шегіне бастайды. Тәулігіне 60-63 шақырым жол жүріп, жауға тағат таптырмас шабуылдар, оларды шегіне жеткізе титықтатады. Минин-Пожарский қаласын босатады. Житомирге жақын Родомышла қаласынан немістер қашқан кезде арамдық жолға да түскен. Қалған азық-түлік пен тамақтарын ұлап кеткен, Одан ашығып жүрген жауынгерлеріміз жеп қойғанда, шеттерінен сеспей қатқан. Бұл келесі жорықтарда үлкен сабақ болады. Мұны әрбір жауынгер қатаң түрде естерінде ұстаған.

Дивизияда тірі қалған 350-дей адам 12 күн бойы жаяу жүріп, 1943 жылдың 20 қыркүйегінде Белоруссияның Гомель облысы, Купоровка селосына жетеді. Дивизиялардың қатарлары толықтырылған соң, тастүйін болып шабуылға шығады. Осы шабуылда генерал Ватутин командир Әбдіжаппар Жазылбековке тапсырады. Ол сонда пулеметшілер ротасын түнгі үштерде жауға қарсы үздіксіз оқ жаудыруға команда береді. Әр пулеметтегі қос ленталар тізбектеліп оққа толады. Кеуделерін ашу-ыза кернеген жауынгерлері осылайша ерлік көрсетеді.

Айта кететін бір жай, Гомельдің Брянск тоғайында партизандардың көпке белгілі қолбасшысы Ковпакпен кездеседі. Александрия ауылын немістерден босату операциясын бірге орындайды. Немістерге қарсы шабуылдың жай-жапсары түгел талқылынап, қабылданған соң Әбекең темір жолды қиратуға көмек сұрау мақсатымен Ковпакпен тағы да жолығады. Бұл міндетті де оның ротасы ойдағыдай орындап шығады. І-ші Украинны майданына қолбасшы болып генерал Н.Ватутин басшылық жасайды. Шабуылға көшуге барлық жағдай жасалып болған соң генерал өзінің қалыптасқан соғыстық әдіс-тәсілдер бойынша оған келесі тапсырмасын береді. Бұйрық бойынша ол әр түрлі полк, рота, взводтардан жиналған 500-ден астам офицерлер мен жауынгерлерді бастап шығады. Алғашқы шабуылынан сәтсіздіктерге жол беріледі. Оншақты жауынгері шығынға ұшырайды. Алайда, ақыр түбінде нысанаға алған қылкөпірді қолға түсіріп, тағы да генералдың сенімінен шығады.

Орлов, Курск, Витебск ұрыстары Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңдері екені халыққа жақсы мәлім. Бұл шайқастар ұмытылмайтын шайқастар еді. Ол жарақат алудан да шет қалмайды. Оны айтудың өзі ұзақ әңгіме. Жарақат

алса да майдан шебін тастап кетпеді. Минск госпиталынан бастап емделеді. Екінші топтағы мүгедектер қатарында болады.Әбдіжаппар Жазылбеков ағасы Бәзіл екеуі соғыстан елге аман оралады. Ал, Мәулен інісі Германияда қаза табады, ал Әбдуәлі бауыры Австрияның Шипров өңіріне жерленген. Әбекеңнің ордендері мен медальдары да жетерлік. Ол кісіні қалай мақтаса да мадақтаса да лайықты адам әрі үлкен тұлға. Мен енді ол кісі жайлы әңгімемнің соңын «Бір көше өз атыңмен аталады» деген арнау өлеңіммен аяқтағым келеді.

Білетінің көп аға, бар аңыздан,
Біраз болды кеткелі арамыздан.
Әбдіжаппар Жазылбек баласы деп,
Өшпей жүрсін, ағажан санамыздан.

Білеміз бойында аға, намыс барын,
Қатар жүрген солдаттан қалыспадың.
Отан үшін от кешіп, суға түстің,
Ел есінде фашистпен соғысқаның.

Ғалым-агроном атандың білері көп,
Өзің айттың жерменен түледім деп.
Соғыста да сойқанды көріп қайттың,
Отаның мен еліңді жүрегім деп....

Қанықсың Нарынқолдың тау-тасына,
Сыйлы болдың ел-жұрттың ортасында.
Егінжайдың жағдайын жақсартқанда,
Елің тартты жылқысын, марқасын да.

Қаратоған, Жамбылың топырағың,
Пір тұттың тауларыңның шоқыларын.
Сайын дала болды ғой сағынышың,
Өмірдің өлшей білдің сатыларын...

Сәлбеннің самғап шықтың арасынан,
Кездерің аз емес-ау таң асырған...
Ат үстінен түспейтін адам болдың,
Бата алдың аудандығы бар асылдан.

Елің үшін маңдай тер төккеніңіз,
Егін болып жайқалды еккеніңіз.
Омырауыңа қадалды орден болдып,
Табыспен таудай болып жеткеніңіз.

Бақ сыйлады құлаққа құйғандарың,
Ақиқат пен шыныдық қой иланғаның.
Көңіліңді маркайтқан ерте кетті,
Жақсы көрген Жамила сүйген жарың.

Халық құптап жатады қадамыңды,
Ардақ тұтқан әрқашан ақ арыңды.
Ата-баба жағынан ту көтердің,
Қарқараға қадаумен жанарыңды.

Үлкен еңбек архивті қазғандарың,
Атандың ел алдында озған дарын.
Қарқарадан қаншама ер таныттың,
Жарыққа шығып жатты жазғандарың.

Өмірің жүре берді өріс кеңіп,
Әр жолың із қалдырды жеміс беріп.
Нарынқолдан аттандың арқаланып,
Отырдың КИЗ жеріне қоныс теуіп.

Тарихтың сөйлеп кетсе жылнамасы,
Атандың Вильямстің бір ағасы.

Мұнда да еңбекпенен күн өткіздің,
Үлкендердің болумен тұнба басы.

Бақыт тапты барымен балаларын,
Шуағымен жаныңның орап алдың.
Флора, Инаят, Нұрдин, Шолпан,
Нұрланың білмей қалды,
Ошаныңа ойпыр-ай қаза барын...

Еске алып осындайда жанұясын,
Сөйлемді кейде келте қайырасың.
Ошанның оты өшпеді балалары,
Халық сыйлар Дулат пен Марияшын.

Жаман болып жатқан жоқ ұлдарыңыз,
Гүлдеп тұрар жұпармен гүл-бағыңыз.
Шолпандай келініңіз керемет қой,
Жарып шықты жалпыны Нұрланыңыз.

Екеуі де өмірдің көшін білген,
Қалған емес, заманнан кешігуден.
Қыздарды қызғалдақтай аялап жүр,
Келеді тал-шыбықтай өсірумен.

Жоқ шығар, аға Сіздің арманыңыз,
Тілеулес халық болды жан-жағыңыз.
Ел мақтайтын деңгейден көрінуде,
Атақтыға аттары сай келетін,
Сабина, Мадина, Ұлжан, Тоғжаныңыз.

Немереге не жетсін бәрін ұғар,
Бәрінің жақсылыққа жаны құмар.
«Аталап» Сізді аузынан тастамайды,
Сіз айтқан өсиеттің жалыны бар.

Өмірдің өз жолымен сызбағы көп,
Кей кезде мұздатады ызғарлы леп.
Төрт қызды ел төбесіне көтеріп жүр,
Әбіжаппар ағаның қыздары деп...

Биік болып әрқашан талғамдары,
Әке мен шеше үміті жалғанғаны.
Нұрлан мен Шолпан алға ұмтылуда,
Алға тартып келеді армандары.

Қадамына гүл бітіп өркендеді,
Қанатын кеңге жайды желкендері.
Сіз отырған үйге де жан бітіріп,
Жаңаша үймен тамаша көркемдеді.

Осылай көктеп жатыр ата бағы,
Қол соғылып, халықтың шапалағы.
Нұрланың мен Шолпанға ел риза,
Бір көше өз атыңмен аталады.

Елжіретіп әкетер ұнасымды-ай,
Екеуі де сермемес құлашын жай.
Өзің менен Жамила, Ошан үшін,
Жыл сайын береді ғой Құдайы шай.

Бар жайды бауыр інің баяндады,
Таусылмас Сіз дегенде ой-арманы.
Жақсылықтар өмірде аз емес қой,
Қуаныш сыйлап кетер таянғаны.

Құдай Сізге берген ғой құт алуды,
Көрмей, білмей кеттіңіз мұқалуды.
Өзің жайлы өлместей сыр шертетін,
Ардақ көріп жүреміз мұратыңды...

Қанат ТӘКЕБАЕВ
қазақ журналистикасының қайраткері.
Қарасай ауданы.

Жергілікті өзін-өзі басқару

Қоғамдастық құрылды

Қазіргі заманның басты ерекшеліктерінің бірі — әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы. Әсіресе, жастар арасында бұл платформалар өте танымал болып, олардың қарым-қатынасын, білім алуын, жұмыс іздеуін және өзін-өзі дамытуын жаңа деңгейге көтерді. Дегенмен, олардың қолданылуының теріс тұстары да жоқ емес.



Жақында Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Төле би ауылында ауыл тұрғындарының жалпы жиналысы болып өтті. Күн тәртібіне қойылған мәселе Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңына сәйкес өзін-өзі басқару қоғамдастығын құру болды.

Сондай ақ жиынға округтегі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің төрағалары мен төрайымдары, округ әкімі Бахтияр Қасымбеков, №37 орта мектебінің директоры Акерке Балғабаева, Іле ауданы ардагер ұйымының төрағасы, Алматы облысының Құрметті азаматы Әмзе Исаев, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мәден Мұсаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Арайлым Төлеубекова қатысты.

Бірінші болып сөз кезегін алған Бахтияр Кеңесұлы жергілікті өзін-өзі басқару қоғамдастығы туралы жан жақты тоқталып өтті.

Келесі кезекте қатысушылардың тікелей дауыс беруі арқылы қоғамдастықтың 9 мүшесі сайланып бекітілді, ал төрағалығына көпшілік дауысқа ие болған Еркін



Ибраймов, хатшысы болып Тұрсынғайша Нұғаманова сайланды.

Ауыл тұрғындары қоғамдастыққа өз ұсыныстары мен тілектерін жолдады. Қорытынды сөз сөйлеген Әмзе Әлдибекұлы қоғамдастықтың жергілікті маңызы бар ағымдық мәселелерін дербес шешу жолдарына жан жақты тоқталды.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі
ардагерлер ұйымының төрағасы.
Іле ауданы.

Спорт

Турнир шахматных фанатов

На прошлой неделе в селе Алмалыбак Карасайского района прошел очередной турнир по шахматам под эгидой Алматинской областной федерации по шахматам. Он был посвящен знаменательному факту - 45 лет назад именно этот населенный пункт посетил легендарный человек в мире шахмат. Это международный гроссмейстер, «мастер спорта СССР» Саломон Флор. В одном из зданий Казахского научно-исследовательского института земледелия и растениеводства, что на улице Ерлеспесова, он провел сеанс одновременной игры с местными любителями шахмат. Об этом на открытии рассказывал председатель комиссии по работе с районами от Алматинского областного филиала Казахстанской Федерации шахмат, один из фанатов интеллектуальной игры, пишущий на тему шахмат Амандулла Абдимуратов. Он напомнил, что в 80-х годах у института была своя мощная любительская команда шахматистов.

К сожалению, никакой печатной информации, фотографий того памятного сеанса в институте не сохранилось. Но мы встретились с человеком кто лично видел Саломона Флора и играл на той встрече. Это Елтай Хамзинвич Хасенов. Он тоже своего рода уникальный, как говорится, достойный пера человек. Академик, ученый-агроном, 56 лет (!) проработал в Казахском НИИ земледелия и растениеводства, начиная работу молодым аспирантом прошел путь от младшего научного сотрудника до ученого секретаря. Является почетным гражданином Саркандского, Карасайского районов почетный председатель совета ветеранов села Умтыл, член президиума районного совета ветеранов, общественник и пропагандист шахмат. Вот что он сказал: «У нас в институте была очень сильная команда шахматистов -любителей, в каждом отделе играло не меньше трех человек и поэтому не удивительно, что именно наш коллектив был выбран в качестве места проведения сеанса одновременной игры с именитым гроссмейстером».

Елтай Хамзинвич также поведал, что ему посчастливилось быть на играх 12 чемпиона мира Анатолия Карпова, мастера спорта СССР, международного мастера Александра Зайцева, международного гроссмейстера, чемпионки мира Елизаветы Быковой. Ввиду ограничений объема материала в газете мы не можем рассказать всех подробностей, но думаем, это не последняя наша встреча с Елтаем Хамзинвичем. Редакция планирует взять у него отдельное интервью. (К слову, Елтай ата, подписчик



газеты «Алатау ардагері». Следите за публикациями).

Несколько слов о самом турнире в честь Саломона Флора,посещавшего эти края в 1980 году. Сало (как кратко называли его друзья) был одним из сильнейших шахматистов в 1930 -х годах и претендентом на мировую, шахматную корону. Знаменитый кубинский шахматист Хосе Рауль Капабланка (чемпион мира) – Флор сделал с ним ничью в матчах и партиях. Александр Алехин (чемпион мира) не смог победить Флора в личных встречах. С Максом Эйве (чемпион мира из Нидерландов) Флор играл на равных и побеждал в отдельных партиях. Михаил Ботвинник, Рудольф Штольц, Григорий Левенфиш – с ними у Флора были победы в партиях и турнирах.

Но вернемся к нашему турниру.

Места распределились так, в номинации «Главный приз» победителями признаны:

Тайбол Султан (Карасайский район) 2. Тайбол Диас (Карасайский район) 3. – Мэлс Динмухамед (г.Талгар) 4. Уалихан Ануар (г.Алматы) 5. Нурболат Журсін (Илийский район).

В номинации «65 +».

1. Садыков Телбай (г.Тараз)
2. Беломоин Владимир (г.Талгар)
3. Токтасынов Болатбек (г.Талгар).

Среди девочек:

1. Мурат Кундыз (Карасайский район)
2.Кадир Мадина (г.Талгар.Шахматный клуб «Аяй»)

3. Нурсалим Балжан (г.Жаркент.). Среди женщин была отмечена Гулзада Бердешова из города Талдыкорган.

Все победители получили грамоты, медали и небольшие денежные призы. Итоги турнира вошли в рейтинг FIDE.

Амандулла Абдимуратов от имени руководства «Казахстанской федерации шахмат» по Алматинской области выразил благодарность всем участникам турнира в честь международного гроссмейстера Саломона Флора. Отдельная благодарность прозвучала в адрес председателя профсоюза Ербола Жусипбекова, а также руководства НИИ земледелия и растениеводства. в лице генерального директора, кандидата сельскохозяйственных наук Шолпан Оразовны Бастабаевой за содействие в организации мероприятия и поддержку шахматного движения.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Карасайский район

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Дұрыс тамақтану дегеніміз не?

Дұрыс тамақтану (немесе салауатты тамақтану) - бұл дененің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сонымен қатар оған пайда әкелетін табиғи және жоғары сапалы өнімдердің теңдестірілген диетасы. Тамақ – ең алдымен өмір сүрудің негізі, дененің «отыны», одан қуат пайда болады.

Көптеген адамдар әлі күнге дейін не жеу керектігін білмейді және дұрыс, пайдалы тамақтану өте қиын деп ойлайды. Дұрыс тамақтану – денсаулықтың негізі, ол организмнің әртүрлі қолайсыз сыртқы орта әсерлеріне төзімділігін арттырады. Біз тұтынатын тағам - бұл дене физикалық күш салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тыныштықта да тұтынатын энергия көзі. Дұрыс тамақтану жүрек-тамыр жүйесі мен асқазан-ішек жолдарының ауруларының, қант диабетінің, остеопороздың және қатерлі ісік ауруларының алдын алу, қоршаған ортаның зиянды факторларына жақсы төзімділік, дененің жоғары физикалық өнімділігі, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Сондықтан дұрыс тамақтану дегеніміз бұл аз-аздан әр түрлі тамақтарды қабылдау. Ағза үнемі жұмыс атқарады, сондықтан уақтылы тамақтануды талап етеді. Ағзада қоректі заттар қарапайым заттарға ыдырайды да, қуат бөліп шығарады. Осы қуаттың арқасында адам жұмыс істейді, қозғалады, спортпен айналысады.

Дұрыс тамақтану ережелері:
• Тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады;

• Тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек. Тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне 5 рет қабылдаған жөн;

• Таңертеңгі асты мұқият ішу қажет. Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда ағзадағы қант азайып кетеді.

Тамақ өнімдері өсімдік және жануартекті болады. Өсімдіктекті тағамдарға: жемістер мен көкөністер, қант,нан, өсімдік майы жатады. Жануартекті тағамдарға: ет, жұмыртқа,ірімшік, сүзбе, балық,күс еті сары майы жатады. Тамақта әртүрлі тағам өнімдері болуы керек, олардың біреулері (сүт, бал, мейіз) қуат береді, басқалары (жемістер мен көкөністер)ағзаның өсуіне көмектеседі.

Тамақты жеткіліксіз мөлшерде ішу немесе мөлшерден артық ішу де ағза үшін зиянды.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

• Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

• Тамақ рационның (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.

• Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

• Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Осы орайда денсаулықты сақтаудың бірден-бір жолы дұрыс тамақтанумен байланысты екенін естен шығармаған абзал.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы